

ISSN (Print) 2616-7174
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

JOURNALISM Series

Серия **ЖУРНАЛИСТИКА**

№1 (126)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Астана, 2019

Astana, 2019

Бас редакторы Қайрат Сак

филология ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Айтмұханбет Есдәулетов** *ф.ғ.канд., доцент (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кендірбай** *PhD (АҚШ)*

Редакция алқасы

Алдабергенов Қырықбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Асанов Қойлыбай	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбдіманов Өмірхан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Әбішева Вера	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Бейсенқұлов Аязби	Ф. ғ. к., доцент (Қазақстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (АҚШ)
Дзялошинский Иосиф	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Жақып Бауыржан	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Жусупова Алматы	ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Ирназаров Кудрат	Т. ғ. д., проф. (Өзбекстан)
Корконосенко Сергей	Саяси ғ. д., проф. (Ресей)
Қара Әбдіуақап	Т. ғ. д., проф. (Түркия)
Қозыбаев Сағымбай	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Лебедева Татьяна	Ф. ғ. д., проф. (Франция)
Нұртазина Роза	Саяси ғ. д., проф. (Қазақстан)
Омашев Намазалы	Ф. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Ризун Владимир	Ф. ғ. д. проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Қазақстан)
Сердәлі Бекжігіт	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Тахан Серік	Т. ғ. д., проф. (Қазақстан)
Тоқтағазин Мұратбек	Ф. ғ. к., проф. м.а. (Қазақстан)
Халилов Әбдіғани	PhD, проф. (Қырғызстан)
Ченгел Хулия Касапоғлы	PhD, проф. (Түркия)
Шайхитдинова Светлана	Филос.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалахметов Ғаділбек	Халықаралық Еуразиялық телевидение және радио академиясының академигі (Қазақстан)
Шестеркина Людмила	Ф. ғ. д., проф. (Ресей)
Шульцман Петр	Өнертану ғ. к., доцент (Қазақстан)

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Жауапты хатшы: Гүлжазира Ертасова

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК.
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27. 03. 2018 ж. №16995-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 25 дана.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Kairat Sak**
Candidate of Philology, Professor (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Aitmukhanbet Yesdauletov** *Candidate of Philology, Associate Professor (Kazakhstan)*
Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor (USA)*

Editorial board

Aldabergenov Kyrykbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Asanov Koilybay	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abdimanov Omirkhan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Beisenkulov Ayazbi	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Brown Michael	PhD, Prof. (USA)
Dzylaloshinski Iosif	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Jakyp Baurjan	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhussupova Almatay	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Irnazarov Kudrat	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Uzbekistan)
Korkonosenko Sergei	Doctor of Political Sciences, Prof. (Russia)
Kara Abdulvahap	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Turkey)
Kozybayev Sagymbai	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Lebedeva Tatiana	Doctor of Philology, Prof. (France)
Nurtazina Roza	Doctor of Political Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Omashev Namazaly	Doctor of Philology, Prof. (Kazakhstan)
Rizun Volodymyr	Doctor of Philology, Prof. (Ukraine)
Syed Agil bin Shekh	PhD, Prof. (Malaysia)
Saubayev Madiyar	PhD, Prof. (Kazakhstan)
Bekzhigit Serdaly	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Takhan Serik	Doctor of Historical Sciences, Prof. (Kazakhstan)
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Assoc. Prof. (Kazakhstan)
Khalilov Abdygani	PhD, Prof. (Kyrgyzstan)
Çengel Hülya Kasapoglu	PhD, Prof. (Turkey)
Shaikhitdinova Svetlana	Doctor of Philosophy, Prof. (Russia)
Shalakhmetov Ghadilbek	Academician of the International Eurasian Academy of Television and Radio (Kazakhstan)
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof. (Russia)
Shultsman Petr	Candidate of Art, Assoc. Prof. (Russia)

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev
Executive Secretary: Guljazira Yertasova

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity off economic conduct «L.N. Gumilyov Eurasian National University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No 16995-Ж from 27.03. 2018.

Periodicity: 4 times a year Circulation: 25 copies

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© **L.N. Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор **Кайрат Сак**
кандидат филологических наук, профессор (Казахстан)

Зам. главного редактора **Айтмуханбет Есдаuletов** к.ф.н., доцент (Казахстан)
Зам. главного редактора **Гульнар Кендирбай** PhD (США)

Редакционная коллегия

Алдабергенов Кырыкбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Асанов Койлыбай	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абдиманов Омирхан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Абишева Вера	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Бейсенкулов Аязби	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Браун Михаил	PhD, проф. (США)
Дзялошинский Иосиф	Д. ф. н., проф. (Россия)
Жакып Бауыржан	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Жусупова Алматы	К. ф. н., доцент (Казахстан)
Ирназаров Кудрат	Д. ист. н., проф. (Узбекистан)
Корконосенко Сергей	Д. полит. н., проф. (Россия)
Кара Абдиуакап	Д. ист. н., проф. (Турция)
Козыбаев Сагимбай	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Лебедева Татьяна	Д. ф. н., проф. (Франция)
Нуртазина Роза	Д. полит. н., проф. (Казахстан)
Омашев Намазалы	Д. ф. н., проф. (Казахстан)
Ризун Владимир	Д. ф. н., проф. (Украина)
Саид Агил бин Шех	PhD, проф. (Малайзия)
Саудбай Мадияр	PhD, проф. (Казахстан)
Сердали Бекжигит	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Тахан Серик	Д. ист. н., проф. (Казахстан)
Токтагазин Муратбек	К. ф. н., асс. проф. (Казахстан)
Халилов Абдигани	PhD, проф. (Киргизстан)
Ченгел Хулия Касапоглу	PhD, проф. (Турция)
Шайхитдинова Светлана	Д. филос. н., проф. (Россия)
Шалахметов Гадильбек	Академик Международной Евразийской академии телевидения и радио (Казахстан)
Шестеркина Людмила	Д. ф. н., проф. (Россия)
Шульцман Петр	К. н. искусств., доцент (Казахстан)

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев
Ответственный секретарь: Гульжазира Ертасова

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: vest_journalism@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК.
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16995-Ж от 27. 03. 2018 г.
Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 25 экземпляров.
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: (7172) 709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

<i>Арын Е.М., Арин Р.С.</i> Медиа кеңістіктің эволюциясы: қоғам мен үкіметтің байланысы	8
<i>Нұртазина Р.А.</i> Қазақстанның ақпараттық саясаты және медиа-жобалау	20
<i>Садықов С.</i> Қазақстандағы гендерлік саясат және журналистика	27

ЖАҢА МЕДИА

<i>Әлімжанова А.Б., Исабек Н.Е.</i> Мультимедиалық мәтін трансформациясы	39
<i>Демьянова Ю.А., Абишева В.Т., Джакипова Д.Ж.</i> Заманауи СМЖ форматтағы медиалық тұлғаның имиджін қалыптастыру тұжырымдамасы	45
<i>Құтым Л.Қ., Есенбекова Ұ.М.</i> Цифрлық ортада ақпараттың адамға әсерін медиапсихологиялық тәсілдермен талдау	53
<i>Тахан С.Ш., Байгожина Д.О.</i> Мәдениеттен медиа-мәдениетке: қоғамдағы заманауи коммуникациялық қатынастардың жаңа құбылыстары	59

PR ТЕХНОЛОГИЯСЫ

<i>Құсайынова М.М., Ишанова А.Қ.</i> Қазақстандық әлеуметтік медиа үлгісінде маркетинг-сторителлинг техникасы	67
---	----

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

<i>Омашев Н.О., Мұтарбекқызы А.</i> Шынайылық – деректіфильмнің түп-тамыры ...	74
--	----

ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ

<i>Омашев О.Н., Сәйдірахман Ұ.</i> Кеңестік қазақ баспасөзі: ұлттық мүдде және саясат қайшылығы	81
---	----

Contents

PUBLISHING AND INTERNET MEDIA

<i>Aryn Ye.M., Aryn R.S.</i> Evolution of media space: communications between the society and authorities	8
<i>Nurtazina R.A.</i> Information policy of Kazakhstan and media projection	20
<i>Sadykov S.</i> Gender policy and journalism in Kazakhstan	27

NEW MEDIA

<i>Alimzhanova A.B., Issabek N.E.</i> Transformation of Multimedia Text	39
<i>Demyanova Yu.A., Abisheva V.T., Dzhakipova D. Zh.</i> The concept of the formation of the image of the media personality in the modern format of the QMS	45
<i>Kutym L.K., Yessenbekova U.M.</i> Analysis of the impact of information in a digital environment on a person by media psychological methods	53
<i>Tahan C.Sh., Baygozhina D.O.</i> From culture to media culture: new phenomena of modern communication relations in society	59

TECHNOLOGIES PR

<i>Kussainova M.M., Ishanova A.K.</i> Marketing-storytelling technique on the example of Kazakhstan social media	67
---	----

TELERADIOJOURNALISTIKA

<i>Omashev N.O., Mutarbek A.</i> Authenticity - is the root of documentary film	74
--	----

HISTORY OF JOURNALISM

<i>Omashev N.O., Saidirakhman U.</i> Soviet origins of the Kazakh press: national interests and political contradictions	81
---	----

Содержание

СМИ И ОБЩЕСТВА

<i>Арын Е.М., Арин Р.С.</i> Эволюция медиа-пространства: связи общества и власти	8
<i>Нуртазина Р.А.</i> Информационная политика Казахстана и проекция СМИ	20
<i>Садыков С.</i> Гендерная политика в Казахстане и журналистика	27

НОВЫЕ МЕДИА

<i>Алимжанова А.Б., Исабек Н.Е.</i> Трансформация мультимедийного текста	39
<i>Демьянова Ю.А., Абишева В.Т., Джакипова Д.Ж.</i> Концепция формирования имиджа медийной личности в современном формате СМК	45
<i>Қутым Л.К., Есенбекова У.М.</i> Анализ влияния информации на человека в цифровой среде медиа-психологическими методами	53
<i>Тахан С.Ш., Байгожина Д.О.</i> От культуры к медиакультуре: новые феномены современных коммуникационных отношений в социуме	59

ТЕХНОЛОГИИ PR

<i>Қусаинова М.М., Ишанова А.К.</i> Техника маркетинг-сторителлинга на примере казахстанских социальных медиа	67
---	----

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

<i>Омашев Н.О., Мутарбек А.</i> Подлинность - корни документального фильма	74
--	----

ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Омашев О.Н., Сайдирахман У.</i> Советские истоки казахской печати: национальные интересы и политические противоречия	81
---	----



FTAMP 17.02.09

Н.О. Омашев, А. Мұтарбекқызы

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: 747538444@qq.com)

Шынайылық – деректіфильмнің түп-тамыры

Аңдатпа. Мақалада жалпы деректіфильм шығармашылығындағы шынайылық тақырыбына тоқталып, әлемдік деректіфильм өндірушілер, өнер танушылар, зерттеушілер арасында ұқсамаған көзқарастар қалпастырған «Деректіфильмдегі шынайылық» түсінігін саралау арқылы, телевизиялық деректіфильмнің дәуірлік даму барысында қалыптасқан шынайылық пен шынайылық таным, салыстырмалы шынайылық, түсірілімге килігу, деректі фильмнің шынайылығы мен өнер түрлерінің шынайылығы арасындағы негізгі айырмашылықтар, фото мен деректіфильмнің шынайылық дәрежесіндегі шектемелік қатарлы мазмұндарға тоқталады. Шынайылыққа әсер ететін факторлар және шынайылыққа қол жеткізудің негізгі әдістеріне талдау жасалады.

Түйін сөздер: Деректіфильм, шынайылық, шынайылық таным, ақпарат ілімі, шынайы кино ілімі, объекті деректеу, түсірілімге килігу, салыстырмалы шынайылық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2019-126-1-74-80>

Кіріспе. Деректіфильм - қазіргі заманда кино өнерінің анасы. Деректіфильм – адамның бар зейіні мен уақытын талап ететін күрделі шығармашылықтың түрі. Ол шынайы өмірдегі шығармашылық, шындықты шындық ретінде көрсететін және көрерменді шынайы ойлауға жетелейтін өнер. Деректіфильмнің жаны да, мәні де түп-тамыры да - шынайылығында жатыр.

Телевизия дәуірі «Деректіфильмнің өрлеуін» барлыққа келтірді. Мың құбылған деректіфильм арнасы үздіксіз жаңаланып, ғасырдан астам уақытта деректіфильм ұстанған дәуірлік идеялары мен киноағымдары танымал болды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы «Деректіфильм қозғалысының» уәкілі John Grierson: «Деректіфильм дегеніміз шынайы оқиғаны шығармашылық талантпен әспеттеу», - деп деректіфильм туралы алғашқы анықтаманы қалыптастырса [1, 36], «Еркін кино үндеуі» көзқарасының негізін қалаушылардың бірі - Шотландтық киносыншы, режиссер Lindsay Anderson: «Құжаттылық таңдаулы шығарманың туындауына кедергілік жасайды, деректіфильм арқылы автор өзіндік көзқарасын, пікірін жеткізеді, бұл сауда капиталының бұғаулап тежеуіне ұшырамайды, жасампаздық еркіндікке қол жеткізеді» - деген көзқарасты ортаға салды [2, 124]. Ілгерінді-кейінді пайда болған көзқарастардың бірі құптауға ие болса, ал енді бірі дәуірдің өзгеруімен өз құнын жойды, сан алуан зерттеулер мен ізденістер жетегінде жаңа идея, жаңа көзқарастар пайда болды.

Осы барыста кинотанушылар, зерттеушілер мен деректіфильм жасаушылар арасында деректіфильмнің шынайылығына қойылатын талабы мен өлшемі үздіксіз түрленіп жаңаланып отырды.

Жаңағасырлық ақпараттық жүйесінде көрермен назарын өзінің шынайылыққа құрылған негізгі ерекшелігі арқылы баурап келсе де, шынайылық турасындағы көзқарастар таласы бүгін де өмір сүруде. Деректіфильм жасауда, ұқсамаған көзқарастардың пайда болуының екі негізгі себебін қарастыруға болады:

- Біріншіден, мемлекеттер мен райондардағы деректі фильмнің даму деңгейі біркелкі емес, теориялық ортақ таным қалптаспаған.

- Екіншіден, түсірілім техникасының үздіксіз жаңаланып кемелденуінен туындаған үздіксіз өзгерістер. Шындығында әр ел, әр аудан тіпті әр адам жеке өз түсінігіне сай келетін жасампаздық жолымен жүруіне болады. Бірақ мейлі қай түрдегі деректіфильмді жасаса да шынайылық - деректіфильмнің негізі, шынайылық - деректіфильмнің жаны деген түсініктерге жүгінері айқын.

Мақаланың мақсаты мен міндеті. Жалпы деректіфильмнің мәні онда кескінделген образдың өзіндік құны, идеясы мен түсірілімдік құны болуында. Бұл құн заттық және адами мәнерлік қос рөлді өз ішіне қамтиды. Ал оның нақты мәндік ерекшеліктерінің ішінде шынайылық, саяси шолулық сынды негізгі факторларды қамтып жатады. Біз деректіфильм өнерін дамытып, келер өмірдің кәдесіне жаратып, бүгінгі жаңа медиялық жүйенің талабынан шығу үшін, оның ішкі мәндеріне толықтай назар аударып, зерттеп зерделеуге тура келеді.

Деректіфильмнің шынайылығын зерттеу - деректіфильм өнерін зерттеудің алғышарты, ғылыми жүйеге сүйеніп, шынайылығын зерттеуде өткен дәуір мен бүгінгі күннің озық идеяларын ұштастырып, өзімізге тиеселі «Шынайылық» турасындағы түсінікті бекіту. Шынайылық, шынайылық таным, салыстырмалы шынайылық сынды негізгі ұғымдарды теориялық даму үлгісіне қарай отырып түсірілімге үйлесімді килігу сынды көзқарастардың негізін анықтау. Сол арқылы деректіфильм шынайылығына деген ғылыми көзқарастарды, ғылыми терминдерді қалыптастыруға болады. Ақпарат тарқатуда деректіфильмнің өміршеңдігін әрмен қарай дамытуға мүмкіндік тудырып деректіфильм шығармашылығының түрлі қырларын ашуға бағытталған.

Қарастырылып отырған сұрақтың зерттеу әдістері. Жұмыстың сипатына қарай бұл мақалада ғылыми сипаттама әдісі, тарихи-салыстырмалы, теориялық негіздеріне талдау, қажетті мәліметтерді саралау, пікірлерді қорыту, дәстүрлі жүйелеу, семантикалық талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулары. Деректіфильмнің мәні шындықты құрметтеу және шындықты жазу. Деректіфильм жасаушылар, зерттеушілер және көрермендердің ең көп талқылайтын мәселесі де осы шынайылық турасында болады. Сондықтан да шынайылық деректіфильмнің өміршеңдік негізі деу ортақ таным. Шынайылық деректіфильм функциясының, құнының өмір сүруіндегі негіз. Одан айырылған фильмнің тартымды деректіфильмге айналуы екіұшты жағдай.

Деректіфильмнің шынайылығы оны жасаушының кәсіптік қағиданы ұстануы мен адамгершілігінің өлшемі. Шынайылық деректіфильмнің тартымдылығын қалыптастыратын негіз. Десе де дәл осы шынайылық турасында деректіфильмнің тарихи дамуы барысында ұқсамаған көзқарастар пайда болды. XX ғасырдың бас кезеңіндегі реализм көзқарасындағылар «деректіфильм шығармашылығында автордың айтқысы келгені мен көрсете білгенінің барлығы да шынайы өмір айнасы болуы керек. Оған еш субъекті көзқарас қосып қажет емес» дейді [2,76].

Ал, 1958 жылы Қытайдағы деректіфильм дамуында шынайылық өз дәуірінің, яғни, партиялық үндеуге ұласты. Қытайдың сол кездегі деректіфильм зерттеушілері «зор секіріп ілгерілеу» әсірешілдігімен бірлестіре отырып, «деректіфильм дәуірлік ерекшелікті шынайы бейнелеу керек, тарихтан алшақтап, жалғандық жасамау керек», - деп дәріптейді. 1962 жылы «олар тағы анық түрде деректіфильм сөзсіз, бүкілдей шын болуы, егер

ішінара сюжеттерде жалғандық болса, адамдар басқасына да сенбей қалады... Бұлай көз-бояушылық жасамау керек» деді [4, 346]. Ал, деректіфильмнің атасы аталған John Grievson «... деректіфильм дегеніміздің өзі шынайы оқиғаны шығармашылық талантпен әспеттеу. Деректіфильмде субъектілік килігу бар десек те, сол идея сөзсіз шынайы оқиға негізінде құрылу керек» [3, 67] - дейді. Міне, осыдан-ақ ғасырлар өтсе де, шынайылыққа қойылған талап үнемі жеңілдеген емес. Фотоға түсіру мен деректіфильм түсірудің қағидасы ұқсас. Фотоның өзіндік қасиеті қайталап бейнелеудің беткі мәні ғана емес, деректіфильм өнері де фотоның өзіндік қасиетінің артықшылығы мен кемшілігі ортасындағы дүние. Оның онайлығы да, қиындығы да сонда жатыр. Заттың сан қырлы көп өзгерісті беткі мәні уақыттың, кеңістіктің өзгерісіне сай өзгеріп отырады. Уақыттың өзгерісін жылмен де, ғасырмен де, секундпен де өлшеуге болады. Деректіфильмнің шынайылығы тарих қойнауында ешқашан құнын жоймай сақталады. Дегенмен, адамдардың шынайылыққа болған танымы әртүрлі болады.

Шынайылық пен шынайылық таным. Деректіфильмнің шынайылығы неде? Шынайы адам, шынайы оқиға мазмұнға сай болса болды шын есептеле ме? Белгілі арнаның туындысында хабар кейіпкерінің таңнан кешке дейінгі қимылын баяндап, тақырыбын «...дің бір күні» деп қойған, көрермендер көрген соң, нанымсыз деген баға берген. Ал, автор болса: «Бұны артынан қалмай, еріп түсіргенмін. Шынында оның бір күнгі істеген істерінің жиынтығы шынайы шындық» - дейді.

Шындық қалайша жалғанға айналды? Бұл шын адам, шын оқиғадан сырт әлдененің кемдігін аңғартады және де кейбір тұрмыстың әуелгі бейнесі мен шындықтың тең емес екендігін көрсетеді. Міне, бұдан деректі фильмде шын адам, шын оқиғаның негіз екенін. Алайда, шынайылыққа тең емес екендігін біле аламыз. Деректіфильм ең әуелі, ақпарат ілімі мен тарих ілімінің шынайылық принципінің шектеуінде болуы шарт. Мазмұны сөзсіз шынайы да мүлтіксіз болуы керек, бұл ең негізгі талап. Әйтпегенде, деректілік дегеннен ауыз ашуға болмайды. Алайда, тек қана уақыт, кеңістік, адам және қатысты мазмұндары шынайы болса, ол өте бағалы ақпарат немесе тарихи материал болуы мүмкін. Бірақ ол белгілі құнға ие деректіфильм өнері бола алмайды. Көркемдік мәннің шынайылығы образды ойлаудан айырыла алмайды.

Деректіфильмнің шынайылығын серпімділігі бар сызғыш іспетті екендігін мойындауымыз керек. Негізгі өлшем мазмұнның жалған еместігі, бейнелемелі еместігі, жалғасымдылығы болса, нанымдылығына қоса шынайылығының болуы. Алдыңғысы, мазмұнның шынайылығы - деректіфильмнің өлшемі. Соңғысы, көркемдік шынайылығы – толымды, тамаша, керемет, үздік туындылардың парқын тудырушы. Алдыңғысы шындықтың айна қатесіздігін өлшем етсе, соңғысы шырқыраған шындықты өлшем етеді.

Біздер «нақ өзіндей, әуелгідей, айна қатесіз» деген сөздер арқылы нағыз шынайылықты бейнелеуге құмармыз, бұл «табиғи» дегенді білдіреді. Шындығы сондай нанымды, тартымды, адамға сан түрлі ой саларлық дегендей. Мейірім мен қаскүнемдік, қуаныш пен қайғы, бар мен жоқ бәрі де шынайы бейнеленгендігін көрсетеді. Мұның өзі жекенің объекті тұрмысқа әсер етуіндегі нәтиже. Тұрмысқа зер салу, талдау, кескіндеудің нәтижесі. Шынайы табиғи нәтиже деректі фильмнің көркемдік ерекшелігінің толық бейнеленуі, көркемдік ықпалы мен құнының қайнары. Жұрт бір туындыны мақтағанда «шынайы» екен деген сөзді ауызға алады; ал, сынағанда «адам нанғысыз», «жалған», «өтірік» екен дегенді айтады. Жұрт әңгіме фильмдерді екшегенде, деректіфильмге жақын екен десе, шынайылығы төмен фильмдерді «ойбу, фотография секілді екен» дейді. Міне, бұл деректіфильм мен фотоның шынайылық дәрежесі мен шектемелігіне болған ортақ таным. Фото мен деректіфильмнің шынайы құнына берілген баға. Шын мазмұн, техникалық әдістердің арқасында барып көркем өнерлік, шынайылық туындатады.

Қайткенде шынайылыққа жетуге болады? Бұл да ұзақ уақыт бойы тартысы толастамаған тақырып, жасампаздық әдіс пен шынайылық қатынас, туындының стилі мен шынайылықтың қатынас сияқты бірнеше жақтан өрбиді. Ұқсамаған өнер топтарының таласында жасампаздық әдістер мен шынайылық мәселесіне тоқталмағаны жоқ. Жасау барысы килігу бола ма? Түсірілімге қалай килігу керек? Деген сұрақтар төңірегінде ой қозғайды. Ал, шынайы түрде түсірілімге килігу, кейінгі өңдеу және монтаждау мәселелері төңірегінде болады.

Деректіфильмнің шынайылығы мен өнер түрлерінің шынайылығының ұқсамастығы. Алдыңғысы, «талғам» мен іске асса, соңғысы «көркем өнерлік жинақтаумен» типтендіру арқылы іске асады. Деректі фильмді типтендіру оның құнын жойғанмен бірдей. Түсірілімге килігу, тұрмысты бейнелеумен мәндес сөз. Ол - деректіфильмнің қоғамдық функциясын түсіндіру.

Деректіфильм жасау барысында, тұрмысқа килігу дегеніміз – субъектілік сана мен объектілік мазмұнның қатынасы мәселесіндегі арнайы атау. Тартыстың өзегі – тұрмысқа килігу, туындының шынайылығына әсер ете ме, жоқ па? Қаншалықты пайдасы бар? Үйлесімді араласуды құптайтындар, кең мағынадан алғанда, кескіндеудің өзі араласу, араласусыз кескіндеу болмайды деп қарайды. Бұл барыста, қажетті өңдеу, толықтау, сұхбат, диалогтар шынайылыққа кері әсерін тудырмайды. Қайта шынайылыққа қол жеткізетін тәсілдер есептелінеді. Ал, бұл идеяға қарсы тұратындар қиыстырылмаған мазмұнға килігу субъектілік көзқарасты кірістіріп жіберіп, объектіге әсер етеді. Ал, ол шындық болмай қалады. Олар мүлдем объекті тәсілдер арқылы шынайы нәтижеге қол жеткізбек болады кескіндеу барысында әрқандай килігуге, жарық түсіруге қарсы тұрады.

Мұндай біркелкісіздікпен талас сонау 1916 жылы түсірілген «Солтүстіктегі нанұктер» фильмінен бері бар, сол кезде біреулер Флахайдың мұз үйді қайта көрсетуінің өзін жалғандық, алдамшылық деп қатты айыптаған. Олар таласа түсіру мен ұрлап түсіру ғана шынайылыққа жеткізетін бірден-бір жол деп қарайды [1, 30].

Килігуді қуаттаудың да тарихы ұзақ. Гелерсонның «шынайы тұрмысты жасампаздықпен біржақты ету» -деген наным бар [2, 96]. Бұл назария деректіфильм өнері «тұрмыстың беткі мәніне қараушы емес, қайта тұрмысқа белсене кірісуші, қатысушы» деп қарайды. Реал негіздегі үйлесімді кірісу, тереңірек шындыққа жетуге тиімді. XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы Англияның деректіфильм қозғалысы мен алпысыншы жылдардағы Францияның «шынайы киносы» барлығы да осы көзқарасты қуаттайды [2, 26]. Шындығында мүлдем кіріспеу деген болмайды. Олай деу шындыққа да жанаспайды. «Нені түсіреміз? Қалай түсіреміз?» дегеннің өзі кіріскендік, түсіру барысындағы қалыпты килігу шындыққа жетудің әдісінің бірі.

Объектілік деректеу әдісі мен килігу әдісі шығармашылықта көркемөнерлік шынайылыққа жетудің ұқсамаған әдістері.

Объектіні табысты қатиралау (түсіру) – шындықты жазу стилі ең жоғарғы шетте субъектілік сананы бүркемелеп қалу, жоғары деңгейлі объектіні сақтап, табиғи болмыстың шынайылығын сақтау, бұл – «тіке кино». Уәкілдік еткен объектілік деректеме стилінің назариясы мен әдісі [1, 47].

Үйлесімді түсірілімге килігу – бейнелеу стилі, көзқарасы айқын, сезімі асқақ болуды дәріптеу, туындының салыстырмалы шынайылығын дәріптеу. Бұл дегеніміз – объективті образ жасау әдісі.

Екі түрлі образ жарату әдісінде жеткен нәтижеде ұқсамастық болғаныменен әрқайсысының өзіндік көркемдік ерекшеліктері бар. Лайықты килігу негізінде объективті деректеуді жүзеге асырар болсақ, онда екі жақты тамаша өнімділікке жетуге болады. Бұл шынайы қайталай бейнелеу әдісі. Қытайдың ұлы қорғанға көз жіберуде Ботаймен хабар жеткізуді қайта көрсетсе, «Қосөзенде көпірді қайта салуды» көрсетеді. Жапонның алты

мұнарасындағы мұнараны қайта тұрғызу, бәрі де қайталай көрсету негізіндегі деректеме. Ал, «Бабалар мұрасы» деректіфильміндегі өткен оқиғалар негізінде жасалған сюжеттер, архивтегі бейнежазбаларды қолдану, тарихи материалдарды кеңінен қолданып, көрнекті құжаттардың құндылығы арқылы деректілік пен шындыққа қол жеткізу болып есептелінеді. Екі түрлі әдісте фильмнің шынайылығына әсер ететіндігі шындық.

Қытай деректіфильм орталығының зеттеушісі Лю Лу өз шығармасында мынандай көзқарасты ортаға салады: «Бүгінгі реализм көзқарасындағылардікі шынайы оқиғаларды бақылау мен жинақтау арқылы бейнелеп шыққан реалды өмір, ал сол жанды мазмұн ол қаншалықты объективті, қаншалықты табиғи, асылы бұлардың барлығы субъективті дүниелер. Себебі, бұл объективті материалдардың артында, субъективті көзқарасы күшті бір адам болады. Ол өзінің түсінігіне, қызығушылығына, ақпарат көзіндегі көріністерге негізделіп, өзіне ұнамаған жақтарын қағыс қалдырып отырады, субъективті қызығушылығына қарай объективті материалдарға саралау жүргізеді, соңында жүйелендіріп бір қорытынды жасайды. Бір қарағанда теңдессіз объективті, табиғи көрінгенмен, бұл бір жүйеге түсірілген талдау» [3, 68].

Үйлесімсіз килігу субъективті деңгейді шектен тыс көрсетіп, табиғи заңдылықтардың шынайылығын әлсіретуі мүмкін.

Жалпы, мұндай ұқсамаған әдістер керісінше ұқсас бір мақсатқа жұмыс істейді. Не ұрлап түсіру мен келісіп түсіру, олар осы арқылы жоғары деңгейдегі шынайылық пен табиғилыққа қол жеткізеді.

Екі түрлі әдісте шығарманың шынайылығына әсер ететіні анық. Шектен тыс килігу автордың жекеше көзқарасына баса ауытқиды да, деректіфильмнің әуелгі құнын жоғалтып қояды. Екі түрлі әдістің соңғысы - монтаждағы айырмашылық болып есептеледі. Объективті түсіру әдісі субъективті формаларды әлсіретіп, мәтін, арқаумузыка (саундтрек), монтаждың рөлін әлсіретеді. Тақырыпты көрнекілендіру әдісі жалпы бейнелеу өнерін толық қарастыра отырып, мәтін, арқаумузыка (саундтрек), монтаждау техникасының барлығын көрсетуге тырысады.

Бір нәрсені көрсетуге болады – ол, деректіфильмдегі шынайлық. Ол салыстырмалылыққа ие, онда нағыз болмыс жүз беруі екіталай, деректіфильмде шынайылыққа қол жеткізу барысында, оның шынайылығын жүзеге асыратын түсірілім барысындағы деректемелік кескіндер, сұхбат, нақ майданда жазылған дыбыстар мен тарихи материалдар. Адамдар деректіфильмнің артықшылығын әңгімелегенде ондағы салыстырмалы шынайылыққа аса мән бермейді, фильмді деректеудің әсемділік тежемділгін ескеретін адам санаулы. Бұндағы деректемеге тоқталар болсақ ол ізденіс және нәтиже, жалғансыз түптамыр, субъективті ой араласпаған шыншыл деректеме шынайлыққа жетудің негізі. Сондықтан да деректіфильм жасауда, оны бағалауда салыстырмалы шынайылық назариясын орынды пайдалануға көңіл бөлу керек.

Деректіфильмнің шынайылығына әсер ететін негізі фактолар:

Біріншіден, объективтілік пен субъективтіліктің үйлесімділігі. Шығармашылық барысында шынайылықтың субъективті бояуы шынайылыққа әсер етеді. Ұқсамған адам (немесе ұқсамаған саяси топ, деректіфильм жасаушы ұжым) бейнелеген болмысы да ұқсас болмайды, тіпті нәтижелері де қарама-қарсы болуы мүмкін.

Екіншіден, дыбыс-бейне деректемелерді, сөз-сөйлем материалдарды қолданудағы ұқсағаман ерекшеліктер.

Үшіншіден, шынайылыққа әсер ететін тек жасампаздық әдіс емес оған объективті әрі субъективтік фактор, тарихи жағдай, білім деңгейі, қызмет ортасы және жеке қабілеттері әсер етеді.

Демек, деректіфильмнің шынайылығына әсер ететін ішкі-сыртқы факторлар салыстырмалы шынайылық ұғымын қалыптастырды.

Қорытынды. Түйіндей келгенде деректіфильм ұзақ зерттеуді, ой жүгіртуді, саралауды талап ететін өнер. Деректіфильмнің тұптамыры – ол, шынайылық, шынайылығы жоқ фильм деректіфильм аталуы екіжақты.

Ал, шынайылық - салыстырмалыққа ие. Деректіфильм шығармашылығының даму барысында, адамдардың «Шынайылық» жүзіндегі талас-тартысы бүгін де, ертең де жалғасатыны анық. Ал мұндай талас-тартыс деректіфильмнің ғылыми жүйеде дамуымен теориялық негізін кемелдендіреді. Бүгінде деректіфильмнің шынайылығына үңілуде жалған, сенімсіз ақпараттық материалдарды, деректемелерді қолданудан аулақ болу керек. Сыңаржақты көзқарастардың жүз беруінің алдын алып, журналистің негізгі этикалық өлшемін негіз ету болып табылады. Деректіфильм шығармашылығы - шындықты іздеу, шындықты жазу.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Patricia. Aufderheide: Documentary Film: A Very Short Introduction / Аударған: Лю Лу. Пекин: Йилин баспасы, 2018. - 146 б.
- 2 Рен Юань. Әлемдік деректіфильм тарихы / Рен Юань. – Пекин: Қытай Телерадио баспасы, 2015. - 278 б.
- 3 Zhu Jinghe . Directing the Documentary / Zhu Jinghe. – Пекин:Қытай Халық университет баспасы, 2015. - 266 б.
- 4 Hao Yusheng.Біздің із / Hao Yusheng. – Пекин: Қытай central newsreels and documentary film studio баспасы , 1998. - 870 б.

A. Mutarbek

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Authenticity - is the root of documentary film

Abstract. The article focuses on the theme of sincerity truth in the general documentary filmmaking, by analyzing the notion of «truth in a documentary film», which has been shaped by different views from world documentary film makers, art critics, and researchers, the truth and true cognition of the television documentary, which has been developed during the era of the film, relative authenticity, interference shooting, the main differences between the truth of documentary film and authenticity of art, while focusing on the weighted content of photos and documentary film authenticity, analyzing the factors that influence the reality and the main ways to achieve the reality.

Key words: documentary film, truth, true cognition, information disciplines, film science, object record, interference shooting, relative authenticity

A. Мутарбек

Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Подлинность-корни документального фильма

Аннотация. В статье акцентируется внимание на тему искренность правды в общем документального кино, анализируя понятие «правда в документальном фильме», который был сформирован разными взглядами из мира документального кино, арт-критиков и ис-

следователей, истины и истинного познания телевизионного документального фильма, который был разработан во времена пленки, относительной достоверности, вмешательство съемки, основные различия между истиной документальный фильм и подлинность искусства, при этом упор делается на взвешенное содержание фотографии и подлинность документальный фильм, анализируются факторы, влияющие на реальность и основные пути достижения реальности.

Ключевые слова: документальное кино, правда, истинное познание, информационные дисциплины, киноведение, запись объекта, интерференционная съемка, относительная достоверность

References

- 1 Patricia Aufderheide. Documentary Film: A Very Short Introduction / Transfers. Liu Lu. (Publishing house of Jilin, Beijing, 2018, 146 p.). [in Chaine]
- 2 Ren Yuan . History of the world documentary. (Broadcasting publishing, Beijing, 2015, 278 p.). [in Chaine]
- 3 Zhu Jinghe. Directing the Documentary. (People's University, Beijing, 2015, 266 p.). [in Chaine]
- 4 Hao Yusheng. Out footprint / Yusheng Hao. (China central newsreels and documentary film studio publishing, Beijing, 1998, 870 p.). [in Chaine]

Автор туралы мәлімет:

Омашев Н.О. - Филология ғылымдарының докторы, профессор. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика мәселелерін зерттеу институтының директоры, А. Янушкевич көшесі 6, Астана, Қазақстан.

Мұтарбек А. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті журналистика факультетінің ІІ курс магистранты, А. Янушкевич көшесі 6, Астана, Қазақстан.

Omashev N.O. - Doctor of Philology, Professor, Director of Institute on studying problems of journalism, L.N. Gumilyov Eurasian National University, A. Yanushkevich str., 6. Astana, Kazakhstan.

Mutarbek A. - 2 course student, faculty of journalism, L.N. Gumilyov Eurasian National University, A. Yanushkevich Street 6, Astana, Kazakhstan.